

Мал жаятын орындарды айқындау туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Өзгент ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы № 38 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қаңтарда № 5703 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Өзгент ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 49 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Өзгент ауылдық округі әкімінің 28.04.2017 № 49 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 1) тармақшасына сәйкес Өзгент ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Өзгент ауылдық округінің "Қандөз-Жаңақорған" трассасы мен "К-1" каналы аралықтағы 320 гектар, "Келінтөбе" магистралды каналы мен Ақсуат елді мекені аралығындағы 25 гектар, Ақсуат елді мекені мен "К-1" каналы аралығындағы 135 гектар жерлер мал жаятын орындар болып айқындалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Өзгент ауылдық
округінің әкімі*

Н. Оспанов